

«Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі»
республикалық қоғамдық бірлестігі мен «Қазақстан заңгерлерінің одағы»
республикалық қоғамдық бірлестігінің арасындағы ынтымақтастық
туралы
МЕМОРАНДУМ

Нұр-Сұлтан қ.

«30» қантар 2020 жыл

Бірлесіп «Тараптар» деп аталатын «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» (бұдан әрі – «Мәслихаттар депутаттарының бірлестігі» РҚБ) республикалық қоғамдық бірлестігінің атынан Жарғының негізінде әрекет ететін Төраға **Төлеубек Төлеуұлы Мұқашев** бір жағынан және

«Қазақстан заңгерлерінің одағы» (бұдан әрі – «Қазақстан заңгерлер одағы» РҚБ) республикалық қоғамдық бірлестігінің атынан Жарғының негізінде әрекет ететін Төраға **Серік Байсейітұлы Ақылбай** екінші жағынан:

Қазақстанның бүкіл халықтың ізгілігі үшін қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық пен экономикалық даму сынды негізгі конституциялық қағидаттарды сақтай отырып, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына деген жалпы адалдығын растай отырып,

азаматтық қоғам институттарының арасындағы тең құқықты және сындарлы диалогты азаматтардың жүйелі шешімдерді іздеудегі және құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы тиімді құрал деп есептей отырып,

жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін уақтылы және сапалы қорғауға айрықша мән бере отырып,

төмендегілер туралы осы Меморандумды жасасуға келісті:

1. Мақсаты

1.1. Тараптар арасындағы азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, мәслихаттар депутаттары жұмысының тиімділігін күшейту және олардың халықтың мүдделерін білдіру кезіндегі кәсібилігін арттыру мақсатындағы ынтымақтастық осы Меморандумның нысанасы болып табылады.

2. Негізгі бағыттар

2.1. Тараптар ынтымақтастығының осы Меморандумды іске асыру шеңберіндегі негізгі бағыттары:

2.1.1. Мәслихаттар депутаттарын оқытуға, олардың құқықтық сауаттылық, конституциялық құқық, Қазақстан Республикасының өзге де салаларындағы заңнамасы аясындағы біліктілігін арттыруға жәрдемдесу (*шарттық негізде*);

2.1.2. Қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөнінде бірлескен ұсыныстар әзірлеу;

2.1.3. Азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу;

2.1.4. Бірлескен қызмет мәселелері бойынша ақпараттар тарату;

2.1.5. Мәслихаттар депутаттары арасында құқықты түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2.1.6. Түрлі іс-шаралар (дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар, зерттеулер, БАҚ-та с-з с-йлеулер және т.б.) өткізу;

2.2. Тараптар олардың арасындағы ынтымақтастықтың нысаны:

2.2.1. Келісімдер, хаттамалар, қарарлар және өзге де құжаттар;

2.2.2. Қоғам мен мемлекеттің тіршілік қызметіндегі өзекті мәселелері бойынша бірлескен жоспарлар, бағдарламалар, жобалар, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер бола алады деп айқындады.

3. Өзара ниеттер

3.1. Осы Меморандумды іске асыру мақсатында Тараптар мыналарға:

3.1.1. Мәслихаттар депутаттарын оқыту үшін ғалымдарды және жоғары білікті заңгерлерді тартуға;

3.1.2. Бірлескен іс-шаралар өткізуге (дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар, зерттеулер және т.б.);

3.1.3. Ынтымақтастықтың бағыттары бойынша бірлескен жұмыс топтары мен сараптама комиссияларын құруға;

3.1.4. Ақпарат алмасуды, оның ішінде «Мәслихаттар» веб-порталы арқылы ақпарат алмасуды жүзеге асыруға;

3.1.5. Бірлесіп әзірленген бағдарламаларды, жобаларды және іс-шараларды іске асыруға;

3.1.6. Қайсыбір немесе өзге заң жобаларын талқылау барысында келіп түскен сұрақтарға талдау жүргізуге;

3.1.7. Тараптар келіскен шарттарда заң жобаларын, бағдарламаларды және өзге де құжаттарды әзірлеуді жүзеге асыруға;

3.1.8. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тараптардың жарғыларына сәйкес осы Меморандумның ережелерін іске асыруға ниеттенеді.

3.2. «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» РҚБ құқықтық саясатты дамытудың анағұрлым өзекті мәселелері бойынша жұмыс жүргізу үшін «Қазақстан заңгерлерінің одағы» РҚБ-ға Тараптар келіскен шарттарда телеарналарда эфирлік уақыт беруге, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдарды орналастыруға жәрдемдеседі.

3.3. «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» РҚБ «Қазақстан заңгерлерінің одағы» РҚБ-ға Қазақстан Республикасының заңнамасын түсіндіру, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру

жөніндегі жұмыстарды жүргізуге және басқа да мәселелер бойынша жәрдемдеседі.

4. Өзге де шарттар

4.1. Осы Меморандум Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың екіжақты келісімі бойынша немесе кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын басқа Тарапты алдын ала хабардар ете отырып бір Тараптың қалауы бойынша оны бұзған сәтке дейін белгісіз мерзім ішінде қолданыста болады.

4.2. Осы Меморандумды бұзу Тараптар арасындағы басқа, тиісті шарттарды, келісімдерді және өзге де міндеттемелерді тоқтатуға алып келмейді.

4.3. Қажет болған жағдайда осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын жазбаша құжатты жасау арқылы Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандум өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

4.4. Меморандумның мәтіні мемлекеттік және орыс тілдерінде Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалды.

**«Қазақстан мәслихаттары
депутаттарының бірлестігі»
республикалық қоғамдық
бірлестігінің төрағасы**

**«Қазақстан заңгерлерінің
одағы» республикалық
қоғамдық бірлестігінің
төрағасы**

Т.Т.МҰҚАШЕВ

С.Б.АҚЫЛБАЙ